

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 шілде N 1111. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.12.29. N 1951 қаулысымен.  
~P001951

Қызылорда облысы Арал ауданының шалғай елді мекендерін электрмен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қызылорда облысының әкіміне елді мекендерде дизельдік электр станцияларын сатып алуға, жеткізуге және оларды монтаждауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген резервінен 10 (он) миллион теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қызылорда облысының әкімі 2000 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне және Қаржы министрлігіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 26 шілдедегі  
N 1111 қаулысына  
қосымша

Қызылорда облысы Арал ауданының елді мекендері мен сатып алынатын дизельдік электр станциялары туралы мәліметтер

---

Елді мекеннің ! Халқының саны, !Талап етілетін ! Құны, АҚШ  
атауы ! адам !электр станциясының! долларымен  
! түрі !

---

Жіңішкеқұм	453	ДЭС-60	5200
Атаншы	124	ДЭС-60	5200
Көкаша	208	ДЭС-30	4000
Ақбасты	511	ДЭС-100	8000
Құланды	351	ДЭС-100	8000
Көктем	306	ДЭС-30	4000
Құмбазар	541	ДЭС-30	4000
Ақшатау	207	ДЭС-30	4000
Ажар	207	ДЭС-50	5000
Шәкен	416	ДЭС-50	5000
Жиыны	3324		52400

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.